

2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында аудан аумағында мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыруды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 19 сәуірдегі N 95 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 30 сәуірде N 13-3-115 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 5 қаңтардағы N 2 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық әкімдігінің 2011.01.05 N 2 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» № 74 Заңының 19-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» № 960 Жарлығы негізінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында он сегіз жастан жиырма жеті жас аралығындағы мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылуға немесе кейінге қалдыруға құқығы жоқ ер азаматтарды, сондай-ақ жиырма жеті жасқа толмаған және әскери қызмет мерзімін өткермеген оқу орындарынан шығарылған азаматтарды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігінің Ішкі әскерлеріне, Қазақстан Республикасы халық қауіпсіздігі Комитетіне, Қазақстан Республикасының Республикалық гвардиясына, Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі Министрлігіне мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу ұйымдастырылсын.

2. Аудандық шақыру комиссиясы мынадай құрамда құрылсын:

Чепухин	комиссия төрағасы, «Солтүстік
Сергей Иванович	Қазақстан облысы Айыртау ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» Мемлекеттік мекемесінің бастығы;
Тілеубаева	комиссия төрағасының орынбасары,
Раушан Райымжанқызы	аудан әкімінің орынбасары;
Комиссия мүшелері:	

Әшімов
Аян Әбуұлы

Сейтқожина
Нұрсұлу Көшербайқызы

Нұртазина
Әнипа Бақытжанқызы

«Айыртау ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының тәрбие және кадрлар жұмысы жөніндегі орынбасары; медициналық комиссияның төрағасы, «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі Айыртау орталық аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны бас дәрігерінің алғашқы көмек жөніндегі орынбасары; комиссия хатшысы, «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі Айыртау орталық аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнының медбикесі.

3. Селолық округ әкімдері азаматтарды хабарландыруды және олардың шақыру учаскесіне уақытылы келулерін қамтамасыз етсін.

4. «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі Айыртау орталық аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының бас дәрігері құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп (келісім бойынша):

шақырылғандарды медициналық куәландыру жөніндегі комиссияны дәрігер-мамандармен құрастырсын;

комиссияны қажетті құралдармен, медициналық және шаруашылық мүлікпен қамтамасыз етсін;

ауданның емдеу-алдын ала емдеу мекемелерінде шақыру комиссиясымен жіберілген азаматтарды медициналық тексеруден өткізу үшін орындар көзделсін.

5. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі жергілікті бюджеттен осы іс-шараларды өткізуге бөлінген қаражат шегінде қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

6. «Айыртау аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша):

шақыру және аттандыру кезеңінде «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» Мемлекеттік мекемесімен өзара

іс-әрекеттерін ұйымдастырсын;

аудандық шақыру пунктінде тәртіпті қамтамасыз етсін.

7. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі әскери қызметке аттану кезінде, облыстық жинау пунктіне салтанатты шығарып салу рәсімін, спорттық-бұқаралық іс-шараларын ұйымдастырып өткізсін.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р.Р. Тілеубаеваға жүктелсін.

9. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Айнабеков